

**«Элита» интеллектуалды пікір-сайыс клубы – 2014 жылы құрылған жаңа клуб.**

**КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:**

- рухани, интеллектуалдық және адамгершілік деңгейі жоғары, ұлтжанды, өзінің қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілігін сезінетін жастар буынының қалыптасуына ықпал ету.

- студенттер арасында пікірсайыс бағдарламасының кеңінен таралуына ат салысу;

- клубтың әр мүшесінің пікірсайыс теориясын жетік меңгеруін және осы бағытта үнемі ізденісте болуына ықпал ету;

- жинақталған білім мен тәжірибені тереңдетіп, келесі лектегі пікірсайысшыларға жеткізілуіне септігін тигізу, яғни оқу орнының дәстүрлерін сақтауға атсалысу;

- қазақстан Республикасының Жастар саясаты жөніндегі заңы аясында басқа да шаралар атқару және оларға қатысу;

2014 жылдың 8-9 қараша күндері Назарбаев университетінде «Достық Кубогы» атты республикалық пікір-сайыс турнирі өтті. Турнирге Астана, Қарағанды, Көкшетау, Тараз, Алматы, Қостанай, Семей өңірлерінен іріктелген 50 команда қатысты.

«Элита» интеллектуалды пікір-сайыс клубының пікір-сайысшылары, энергетикалық факультетінің 2 - курс студенттері Аманжол Жандарбек, Ахмет Алиакбар 50 команданың ішінен суырылып шығып, жүлделі I орынды иеленді.

«Элита» ИПК төрағасы Энергетикалық факультетінің студенті Ж. Аманжол.



